

Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сот төрағасы  
Асанов Ж.Қ. мырзаға  
Идирисов Арман Ғалымжанұлынан  
мекенжай: Нұр-Сұлтан қ.

### Алғыс хат

Мен, Идирисов Арман Ғалымжанұлы, Нұр-Сұлтан қаласының тұрғыны 2018 жылы алаяқтық фактісі бойынша Нұр-Сұлтан қаласы Полиция Департаментіне арыздандым. Басшыбаев Е.С. деген азамат менің оған деген сенімді теріс пиғылда пайдаланып (оны туған бауырымдай көруші едім), жер мәселесін шешіп берем деп 60 (алпыс) мың АҚШ долларын алдап алып кетті. Бұл ақшаның көп бөлігін мен туысқандардан, тағыда басқа кісілерден қарызға алған едім. Ақшаны 2014-2015 жылдары алған, содан бері алдап-сулап, уақыт созып жүрді.

Е. Басшыбаевтың алаяқтық іс-әрекетінен менің отбасым ғана емес, басқа да маған ақша берген жандардың отбасылары зардап шекті.

Полиция департаментінде алғашқы жауап алу, беттестіру барысында Басшыбаев кінәсін толық мойындап, ақшаны қайтарып беретіндігін айтты. Қылмысты дәлелдейтін айғақтар жеткілікті. Күәгерлердің жауабы, қолхаттар – соның айғағы.

Алайда, Полиция Департаментінің тергеушісі Құдайбергенов О. осындай қылмыстық құрамы дәлелденген істі қысқартып, өзі қызметі жоғарлап Есіл аудандық полиция басқармасына тергеу бөлімінің бастығы болып кетеді. Артында мәлім болғанындай Басшыбаев қылмыстық жауаптан жалтару мақсатында танысы Райымбеков А. деген полиция қызметкеріне 3 300 000 (үш миллион үш жүз мың) теңге көлемінде пара беріп, қылмыстық істің заңсыз қысқартылуына себепкер болды. Басшыбаев бұрын сот органдарында, прокуратурада қызмет жасаған.

Мен бұл заңсыз қаулыға қалалық прокуратураға шағымданып, нәтижесінде тергеуші Құдайбергеновтің заңсыз қаулысы бұзылып, істі тергеу үшін Есіл аудандық полиция басқармасына жіберілді. Ал Басшыбаев болса Райымбековтің үстінен арызданып, нәтижесінде полиция қызметкері Райымбеков 4 жылға сотталды.

3 жыл бойы тергеушілер тарапынан Басшыбаевтың алаяқтығы бойынша қылмыстық іс қайта-қайта қысқартылумен болды. Осы уақыт ішінде мен полиция басқармасының, полиция департаментінің, ІІМ-нің, прокуратураның табалдырығын тоздырумен, арыз шағымданумен, прокуратура, полиция басшыларының қабылдауларына барумен болдым.

Қазақстан Республикасының		
Жоғарғы Соты		
«19.08»	2021	ж.
Кіріс № 5119	Парақ	2/12

10/5



Тек 2021 жылы қылмысты істі аға тергеуші Көпбосынов алып, қылмыстық әрекеттерге дұрыс баға беріп, Басшыбаев соттың санкциясымен қамауға алынды, тергеу аяқталып қылмыстық іс сотқа жөнелтілді. Қамауда отырып Басшыбаев тергеу амалдарына кедергі жасау мүмкіндігінен айырылды. Осы арада маған Басшыбаевтың туысқаны келіп, мәселені 3 000 000 (үш миллион) теңгемен шешуді ұсынды. Мен ақшалай залалды толық өтеуін сұрадым. Алайда Басшыбаевтың туысқаны келіспей, «ендеше сотпен шешеміз» - деп кетті.


Бұл қылмыстық істі №2 Есіл аудандық сотының соты Ешмағамбетова Адель Нурлановна қарады, хатшысы - Хасенова Айгерім.

Қайбір дамыған мемлекет болсын әділ сот төрелігіне аса көп көңіл бөлетінін білеміз. Әділ сот жүйесі мемлекет тұрақтылығының бірден-бір белгісі, зайырлы мемлекеттің ең маңызды көрсеткіштерінің бірі. Қарапайым халық, қоғам осы әділ сот төрелігіне сенім артып, сотқа жүгінеді.

Осы орайда сот Ешмағамбетованың сот процесін жүргізудегі біліктілігін, әділ сот төрелігін жүргізудегі адами қасиеттерімен қоса жан-жақты, ашық, бейтарап позиция ұстануы – жәбірленуші тарапынан ғана емес, күәгерлердің де ризалығын тұдырды. Сот Ешмағамбетова заң талаптарын дұрыс, орынды негізге ала отырып, соттылаушы Басшыбаевтың жалдаған үш бірдей қорғаушысының өтірікті судай сапырып, қараны ақтай қылып, небір қитұрқы әрекеттеріне асқан біліктілікпен тойтарыс беріп, әділ сот төрелігі тек қана сотқа тиесілі екендігін дәлелдеп берді. Сотқа қатысушы жәбірленуші тараптың, күәгерлердің және ең бастысы сотталушы Басшыбаевтың іс-әрекеттеріне әділ құқықтық баға беріп, сот-тергеу барысында қылмыстық әрекеттерді толығымен әшкере етіп, дұрыс құқықтық баға берді. Нәтижесінде алаяқ Басшыбаев Е. әділ жазасын алды, үкім бойынша 3,8 жыл бас бостандығынан айырылды, келтірілген залал толықтай өтелуі бұйырылды.

Сот Ешмағамбетованың қажырлы, білікті, принципті, сот жүйесіне адал қызметін біз жоғары бағалап, ризашылығымызды білдіреміз. Халық тарапынан сот жүйесіне деген сенім тек соттың ғана абыройы емес, бұл жалпы мемлекеттің абыройы, мемлекеттік органдарға деген сенім.

Қорытындылай келе, Сізден Жоғарғы Соттың төрағасы ретінде, мемлекеттің зайырлы, әділ мемлекет болуына ат салысып жүрген мемлекет қайраткері ретінде, жалпы азамат ретінде сот А.Н. Ешмағамбетованы, хатшысы А. Хасенованы өз бұйрығыңызбен марапаттауды сұраймыз. Сот А. Ешмағамбетова қайдай да болмасын марапатқа лайық деп санаймыз.

Күәгерлер мен жәбірленуші тараптар атынан: А. Идирисов   
19.08.21 ж.



Тек 2021 жылы қылмысты істі аға тергеуші Көпбосынов алып, қылмыстық әрекеттерге дұрыс баға беріп, Басшыбаев соттың санкциясымен қамауға алынды, тергеу аяқталып қылмыстық іс сотқа жөнелтілді. Қамауда отырып Басшыбаев тергеу амалдарына кедергі жасау мүмкіндігінен айырылды. Осы арада маған Басшыбаевтың туысқаны келіп, мәселені 3 000 000 (үш миллион) теңгемен шешуді ұсынды. Мен ақшалай залалды толық өтеуін сұрадым. Алайда Басшыбаевтың туысқаны келіспей, «ендеше сотпен шешеміз» - деп кетті.


Бұл қылмыстық істі №2 Есіл аудандық сотының соты Ешмағамбетова Адель Нурлановна қарады, хатшысы - Хасенова Айгерім.

Қайбір дамыған мемлекет болсын әділ сот төрелігіне аса көп көңіл бөлетінін білеміз. Әділ сот жүйесі мемлекет тұрақтылығының бірден-бір белгісі, зайырлы мемлекеттің ең маңызды көрсеткіштерінің бірі. Қарапайым халық, қоғам осы әділ сот төрелігіне сенім артып, сотқа жүгінеді.

Осы орайда сот Ешмағамбетованың сот процесін жүргізудегі біліктілігін, әділ сот төрелігін жүргізудегі адами қасиеттерімен қоса жан-жақты, ашық, бейтарап позиция ұстануы – жәбірленуші тарапынан ғана емес, күәгерлердің де ризалығын тұдырды. Сот Ешмағамбетова заң талаптарын дұрыс, орынды негізге ала отырып, соттылаушы Басшыбаевтың жалдаған үш бірдей қорғаушысының өтірікті судай сапырып, қараны ақтай қылып, небір қитұрқы әрекеттеріне асқан біліктілікпен тойтарыс беріп, әділ сот төрелігі тек қана сотқа тиесілі екендігін дәлелдеп берді. Сотқа қатысушы жәбірленуші тараптың, күәгерлердің және ең бастысы сотталушы Басшыбаевтың іс-әрекеттеріне әділ құқықтық баға беріп, сот-тергеу барысында қылмыстық әрекеттерді толығымен әшкере етіп, дұрыс құқықтық баға берді. Нәтижесінде алаяқ Басшыбаев Е. әділ жазасын алды, үкім бойынша 3,8 жыл бас бостандығынан айырылды, келтірілген залал толықтай өтелуі бұйырылды.

Сот Ешмағамбетованың қажырлы, білікті, принципті, сот жүйесіне адал қызметін біз жоғары бағалап, ризашылығымызды білдіреміз. Халық тарапынан сот жүйесіне деген сенім тек соттың ғана абыройы емес, бұл жалпы мемлекеттің абыройы, мемлекеттік органдарға деген сенім.

Қорытындылай келе, Сізден Жоғарғы Соттың төрағасы ретінде, мемлекеттің зайырлы, әділ мемлекет болуына ат салысып жүрген мемлекет қайраткері ретінде, жалпы азамат ретінде сот А.Н. Ешмағамбетованы, хатшысы А. Хасенованы өз бұйрығыңызбен марапаттауды сұраймыз. Сот А. Ешмағамбетова қайдай да болмасын марапатқа лайық деп санаймыз.

Күәгерлер мен жәбірленуші тараптар атынан: А. Идирисов 

19.08.21 ж.